FARABI · KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY · 1934

FARABI UNIVERSITY – 90

# QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ | WWW.FARABI.UNIVERSITY | №43 (1955) 9 ЖЕЛТОҚСАН 2024 ЖЫЛ

# NetSCI-мен бірлесіп жаңа институт ашылады



**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен NetSCI неміс ғылыми-білім беру мекемесі Орталық Азияда Биоалуантүрлілікті қорғау және сақтау институтын ашады.**

ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев пен NetSCI неміс ғылыми-білім беру мекемесінің бас директоры Маттиас Крамер орталық құру туралы меморандумға қол қойды.

Институттың мақсаты – биологиялық әртүрлілікті сақтауға және арттыруға жәрдемдесу. Жасалған келісімге сәйкес, тараптар ғылыми жобаларды бірлесіп іске асырады, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау және биоалуантүрлілік салаларына инвестиция тартады.

Кездесу барысында Маттиас Крамер бұл орталықтың ашылуы екіжақты қарым-қатынастарды дамытуға негіз болатынын атап өтті.

«Германия министрлігі институт құру туралы менің бастамамды қолдады. 2025 жылдың мамыр айында біз аталған орталықты ашып, Қазақстан мен Германия ғалымдарын халықаралық конференцияда жинауды жоспарлап отырмыз», – деді Netsci неміс ғылыми-білім беру мекемесінің бас директоры Маттиас Крамер.

Өз кезегінде ҚазҰУ басшысы құрметті қонақтың бастамаларын қолдап, жоғары оқу орнын, институт ашуға дайын екенін жеткізді. Сонымен қатар Жансейіт Түймебаев бірлескен институт құру туралы жасалған келісім тек оқу орындары арасында ғана емес, қос мемлекет арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға серпін беретінін айтты.

Кездесу соңында университет басшысы Маттиас Крамерге «Әл-Фараби» алтын медалін табыс етті.

**Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ**





# Химия ғылымының мүмкіндіктері сараланды

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да химия және химиялық технология бойынша XII халықаралық Бірімжанов съезі өтті.**

Дәстүрлі халықаралық шараға әлемнің түкпір-түкпірінен химия саласының білікті ғалымдары, сарапшылар мен жас зерттеушілер, бизнес және өнеркәсіп өкілдері жиналды. Съезге 250-ден астам қатысушы тіркелді.

Жалғасы 2-бетте



# Ынтымақтастық жайы талқыланды

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев XII халықаралық Бірімжанов съезіне қатысуға келген университет ректорларымен және компания басшыларымен кездесу өткізіп, ғылым және білім саласындағы ынтымақтастық келешегін талқылады.**

Алдымен оқу ордасының басшысы Франциядағы Де Ренн жоғары ұлттық химия мектебінің халықаралық департамент басшысы Сильвен Жиродені қабылдады. Жүздесуде Жансейіт Түймебаев құрметті конаққа ҚазҰУ-дың жетістіктері туралы ақпарат беріп, қазіргі таңда университеттің Франция ЖОО-ларымен ынтымақтастығы жолға қойылғанын атап өтті.

Өз кезегінде Сильвен Жироде ілтипат білдіргені үшін білім ордасының басшысы мен ұжымына ризашылығын жеткізді.

«XII халықаралық Бірімжанов съезіне шақырғандарыңыз үшін алғыс білдіремін. Бүгінде Франция мен Қазақстан әр сала бойынша тығыз қарым-қатынас орнатты. Франция университеттерінен ҚазҰУ-ға келіп, оқып жатқан студенттер көп. Осы тұрғыда ҚазҰУ-дың білім алушы жастарын Францияда тағылымдамадан өтуге шақырамын», – деді Сильвен Жироде.

Жалғасы 2-бетте



3-бет

Шахрат НҰРЫШЕВ:

Елші болуды армандамайтын дипломат жоқ



4-бет

«Қазақ» кітабы жарық көрді



7-бет

«Қазақстанның виртуалды палеолит музейі» жобасы іске қосылды



# Ынтымақтастық жайы талқыланды

Соңы. Басы 1-бетте



Жүздесу нәтижесінде тараптар білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықты арттыру, оқытушылар мен студенттер үшін академиялық ұтқырлық мүмкіндіктерін кеңейту бойынша уағдаластыққа қол жеткізді.

ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев Шыңжаң мұнай-газ технологияларын дамыту компаниясының бас директоры Цзоу Чуньяньмен келіссөз жүргізді. Жүздесуде тараптар серіктестікті жандандыру бойынша мәселелерді талқылап, бірқатар ұсыныстарын ортаға салды.

Цзоу Чуньянь компания туралы ақпарат беріп, оның негізгі мақсатына тоқталды.

«Шыңжаң мұнай-газ технологияларын дамыту компаниясы Шығыс-Оңтүстік мұнай университетінің қолдауымен ашылды. Құрамында 2 ғылыми зертхана бар. Мақсат – студенттердің инновациялық жобаларын мұнай саласында қолдану және осы салadaғы өзекті мәселелерді шешу», – деді компанияның бас директоры.

Өз кезегінде Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ Шыңжаң мұнай-газ компаниясымен IT, физика және химия бойынша әріптестік байланысты арттыруға мүдделі екенін жеткізді.

Сондай-ақ білім ордасының ректоры Сумгаит мемлекеттік университетінің ректоры Руфат Азизовпен кездесіп, академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқытушылар мен студенттер алмасу жұмыстарын жандандыруға келісті. Жансейіт Түймебаев Руфат Азизовқа XII халықаралық Бірімжанов съезіне қатысуға арнайы келгені үшін алғыс білдірді.

Тараптар ғылыми кадрлар даярлау, бірлескен қосдипломдық білім беру бағдарламаларын әзірлеу және ортақ ғылыми конференциялар ұйымдастыру мәселелері бойынша әңгімелесті.

**Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ**









# Химия ғылымының мүмкіндіктері сараланды



Соңы. Басы 1-бетте

Ғылыми басқосуды ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасының орынбасары – бірінші проректор м.а. Еркін Дүйсенов ашып, химия ғылымы елдің дамуында маңызды орын алатынын атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің өнеркәсіптік және экономикалық өркендеуінің іргетасы болып қаланған химия ғылымын дамыту қажеттілігіне баса назар аударып келеді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да озық зерттеулер жүргізуге, оның ішінде химия саласында барлық жағдайлар жасалған. 2024 жылдың маусым айында химия және химиялық технология факультетінде озық жабдықтармен жабдықталған 9 заманауи зертхананы қамтитын Farabi Chem Science заманауи кластері ашылды. Қолданбалы химия тұрақты даму үшін жаңа материалдар, технология мен шешімдер жасауға жол ашады», – деді Еркін Ерманұлы.

ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Химия өнеркәсібі басқармасының басшысы Азамат Қален өз сөзінде: «Сіздердің түлектеріңіз ретінде бүгінгі шараға қатысқаныма өте қуаныштымын. Қазіргі таңда өндіріс және химия саласын білікті кадрсыз елестету мүмкін емес. Сондықтан Өнеркәсіп министрлігі ҚазҰУ-ға қолдау көрсетіп, білікті, сауатты маман даярлауға жәрдемдесуге дайын», – деді Азамат Қален.

Қазақстан-Америка Еркін университетінің президенті Ережеп Мәмбетқазиев құттықтау хатында съезді «ұрпақтар сабақтастығын сақтау жолындағы жақсы дәстүр» деп атады.

Б.А.Бірімжанов атындағы Қазақстандық химия қоғамының төрағасы, ҚР ҰҒА академигі, форумның бастамашыларының бірі Мұхамбетқали Бүркітбаев пленарлық отырыстың ашылуында: «Бүгінгі форум – бұл біздің химия ғылымы, білім беру және өнеркәсіп саласында бүгінгі күнге дейін қол жеткізген деңгейдің көрсеткіші. Біз таусылмайтын шикізат ресурстарының мүмкіндіктерін, елдің әлеуетін толық пайдалану үшін белгілі бір шешімдер әзірлеп, ғылым, білім және өнеркәсіп алдында тұрған міндеттерді анықтауымыз керек», – деді.

Сондай-ақ пленарлық жиын аясында «Жаңу мәселелері институты» РМК ғылыми жетекшісі, Бірімжанов съезінің бастамашысы Зулхайыр Мансұров, Назарбаев университетінің өнеркәсіппен өзара іс-қимыл жөніндегі вице-провост Жұмабай Бәкенов және Реннедегі Жоғары ұлттық химия мектебінің (ENSCR) өкілі Сильвен Жиров баяндама жасады.



Биылғы шара бағдарламасында «Химия өнеркәсібі үшін кадрларды даярлау» атты панельдік жиын мен «Индустрия және университет», «Зерттеулерді коммерцияландыру: ғылымды бизнеске айналдыру», «Химия және химиялық технологиялардағы жасанды интеллект және цифрлық технологиялар», «Химияны оқытудың сын-қатерлері: жаңа стратегиялар», «Фармацевтика саласындағы жаңа трендтер» сынды семинарлар бар. Іс-шара аясында бос орындар жәрмеңкесі мен өндірістік компаниялардың көрмесі өтті.

Шараны Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, С.Өтебаев атындағы Мұнай және газ университеті, KAZХИМИЯ химия өнеркәсібінің қауымдастығы, Мұнай-газ-химия өнімдерін өндірушілер мен тұтынушылар қауымдастығы (Мұнай-газ-химия қауымдастығы) бірлесіп ұйымдастырды.

**Айнұр АҚЫНБАЕВА**

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Өзбекстандағы Наманган мемлекеттік педагогикалық институтының делегациясы жұмыс сапарымен келіп, оқу ордасының басшылығымен кездесу өткізді.**

# Екіжақты келісімге қол қойылды

Делегация құрамында Наманган мемлекеттік педагогикалық институтының ғылым жөніндегі проректоры Муродхон Кодирхонов, халықаралық ынтымақтастық бөлімінің басшысы Әлішер Тұрсынпулатов және доцент Элер Абдулвохидов бар.

Құрметті қонақтарды Басқарма Төрағасының орынбасары – бірінші проректор м.а. Еркін Дүйсенов қарсы алды.

Өз кезегінде Муродхон Кодирхонов ілтипат білдіргені үшін оқу ордасының басшылығы мен ұжымына ризашылығын жеткізіп, Наманган мемлекеттік педагогикалық институты ҚазҰУ-мен ынтымақтастықты нығайтуға және ғылыми жобаларды бірлесіп жүзеге асыруға мүдделі екенін айтты.



Тараптар өзара серіктестікті дамыту, сонымен қатар білім мен ғылым саласында жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізу бойынша пікір алмасты.

Кездесу соңында ҚазҰУ мен Наманган мемлекеттік педагогикалық институты серіктестікті арттыру бойынша екіжақты келісімге қол қойды.

Болашақта меморандум аясында екі жоғары оқу орны ортақ ғылыми конференциялар мен симпозиумдар өткізіп, оқытушылар мен студенттерді академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша алмасу жұмыстарын жүргізеді.

**Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ**

WWW.FARABI.UNIVERSITY №43 (1955) 9.12.2024 ЖЫЛ АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

Шахрат НҰРЫШЕВ, елші:

# Елші болуды армандамайтын дипломат жоқ

**Биыл ҚазҰУ өзінің 90 жылдық, ал шығыстану факультеті 35 жылдық мерейтойын атап өтуде. Мерейтой қарсаңында шығыстану факультетінің танымал түлектерінің бірі, Қазақстанның Қытай Халық Республикасындағы (2015-2019, 2022 жылдан бастап) және Корей Халық Демократиялық Республикасындағы (2015-2019, 2024 жылдан бастап) төтенше және өкілетті елшісі Шахрат Нұрышевпен әңгімелесіп, оның университет қабырғасындағы студенттік шақтары, қоғамдағы қызметі, өмірдегі ұстанымдары жайлы сұхбат құрған едік.**



**– Шахрат Шәкизатұлы, алдымен бүгінгі әңгімеге уақыт бөлгеніңіз үшін алғыс айтамын. Шығыстану факультетінде оқытылатын тілдердің ішінен таңдау неліктен қытай тіліне түсті?**

– Шынымды айтсам, жастық шағымда қытай тілін оқимын, өмірімді Қытаймен байланыстырамын деген ой үш ұйықтасам түсіме де кірмепті. Орта мектептің жоғары сыныбында сол кездегі С.Киров атындағы ҚазМУ-дың тарих факультетінің ағылшын тобына оқуға түсуді діттеп, дайындық жұмыстарын бастап кеткен болатынмын. Сол жылдары республикалық телеарналардың бірінде «Жастар бейсенбілігі» деген бағдарлама тікелей эфирге шығып тұратын. Бір жолы сол хабарда ҚазМУ ректоры университетте шығыстану факультеті ашылып жатқанын, онда қытай, араб және парсы тілдері оқытылатыны туралы айтты. Осы жақсы хабарды естігеннен-ақ жаңадан ашылып жатқан шығыстану факультетінің «Қытай тарихы» мамандығына құжат тапсырып, бағымды сынауға бел байладым. Сөйтіп, 1989 жылы орта мектепті сәтті аяқтап, университеттің қабылдау емтихандарын абыроймен тапсырып, қытай тілі мен тарихын оқытатын топқа қабылдандым.

**– Сіз қытай тілін үйрену барысында қандай қиындыққа тап болдыңыз, қандай ерекше әдістерге сүйендіңіз?**

– Анығын айтқанда, қытай тілін үйрену маған оңай соқпады. Дегенмен күнде қытай иероглифтерінің пиньинь – дыбысталуын, иероглифтердің құрама бөліктері болып саналын графема – «кілттерді», әр иероглифтің шығу тарихын зерттеу – осының бәрі маған өте қызық болды. ҚазМУ-дың 2-курсын тамамдаған соң, университет мені Бейжің тіл және мәдениет университетіне оқуға жіберді (қазіргі Бейжің тілдер университеті). Мен тілдік ортада жүріп, күнделікті Қытайдың орталық телеарнасынан жаңалық, түрлі хабар, сериалдарын көру арқылы, қытай радиохабарларын тыңдау арқылы қытай тіліндегі деңгейімді тез арада көтеріп алдым. Иероглифтерді жылдам жазып, жаттау үшін әр таңбаны 4-5 бетке ерінбей-жалықпай жазып отыратынмын. Сөздерді, сөйлемдерді жаттау үшін картон қағаздан төртбұрышты карточкаларды қиып алып, бір жағына қытайшасын, екінші жағына қазақшасын жазып, аударма жасауға үйрендім. Шет тілдерін үйренуде әр адамның өз тәсілі болатыны сөзсіз, дегенмен осы жоғарыда айтылған үйрену амалдары күні бүгінге дейін өзектілігін жоғалтпаған маңызды әдіс деп ойлаймын.

**– Кеңес Одағы ыдырап, «темір перде» ашылғаннан кейін Қытайға оқуға барған алғашқы қазақстандық студенттердің бірісіз. Сол елдегі студенттік жылдарыңызға тоқтала кетсеңіз.**

– Бейжің тіл және мәдениет университетінде 1991-95 жылдар аралығында оқыдым. Ата-анамның қасынан қарға адым аттап шықпаған маған жері де, елі де, тілі де, тағамы да бөтен ортаға үйрену оңайға соқпады. Бірақ уақыт озған сайын солтүстік Қытайдың ауа райына, тіліне, тамағына үйрене бастадым. Бара-бара дәстүрлі Қытай мәдениетімен етене танысып, тарихын, тілін тереңірек зерттеу үшін Қытайдың түрлі қалаларына сапар шегу менің сүйікті ісіме айналды. Жазушы Ғ.Мұстафиннің «Жасында көргені жоқтың, өскенде айтары да жоқ» деген тамаша сөзі бар. Егер студенттік шақты тілге тиек етер болсам, бірнеше кітапқа арқау болатын сияқты.

**– Сіздің дипломатия саласындағы мансабыңыз егемен Қазақстанның дипломатиялық корпусының алғашқы қадамдарымен тұспа-тұс келген екен. Осы тұрғыдағы естеліктеріңізбен бөлісе отырсаңыз...**

– 1992 жылдың соңында Бейжің қаласында Қазақстанның Қытай Халық Республикасындағы елшілігі ашылды. Еліміздің Қытай мемлекетіндегі төтенше және өкілетті елшісі болып Мұрат Әуезов тағайындалды. Мен ол кезде Бейжің тіл және мәдениет университетінің 3-курсында оқып жүрдім. Ол кезде Бейжің университеттерінде Қазақстаннан небәрі үш-ақ адам оқитынбыз. Осылайша жаңадан ашылған елшіліктің жұмысына көмектесу үшін бірлек сыбана кірісіп кеттік. Кейінірек елшілікпен келісімшартқа отырып, комендант болып жұмыс істей бастадық. Елшілік ғимаратында кезекшілік ету, телефон қоңырауларына жауап беру, ауызша және жазбаша аудармалар жасау, келген делегацияны алып жүру және т.б. жұмыстар атқаратынбыз. Дәл сол кезең мен үшін ерекше тағылымдама болды. Осы кезеңде жинаған тәжірибем университетті тамамдап, сыртқы істер саласында қызмет істеу барысында үлкен септігін тигізді. Қазір менің дипломатиялық қызметтегі жалпы жұмыс өтілім – 28 жыл. Сыртқы істер министрлігінде қарапайым референттен сыртқы істер министрінің бірінші орынбасарына дейінгі жолдан өттім. Елшілікте қарапайым коменданттан төтенше және өкілетті елшіге дейін өстім. Қысқаша айтқанда, бұл жолда барлық «тар жол, тайғақ кешуді» бастан өткіздім десем болады.

**– Елші болу әр дипломат үшін қызметінің ең жоғары шыңы екенін білеміз. Шығыстану факультеті өзіңіз сияқты майталман түлектерімен мақтанады. Қытай сияқты үлкен мемлекеттегі елшілік қызметіңіз жайлы айтсаңыз...**

– Дұрыс айтасыз, елші болсам деп армандамайтын дипломат жоқ. Дегенмен елші болу осы қастерлі мамандыққа өзін арнаған адам үшін жауапкершілікті талап етеді. Кез келген дипломат – өз елінің шетелдегі бейнесі. Сыртта жүріп өз мемлекетіміздің ұлттық мүддесіне қызмет етуге және отандастарымыздың құқығын қорғауға күш-жігерімізді аямауымыз қажет. Халқымыз «Елдестірмек – елшіден» деп бекер айтпаса керек, біздің басты миссиямыз – мемлекеттер арасына дәнекер болу. Екі ел арасындағы мәдени, оқу-ағартушылық, экономикалық, саяси-қоғамдық бағыттағы байланыстарды нығайту. Бұл тұрғыда бізден жоғары кәсібилік пен мемлекет қойған міндеттерді сапалы орындау талап етіледі. Қытай секілді бірнеше мыңжылдық тарихы, 1,5 миллиардқа жуық халқы бар үлкен елге елші болу оңай шаруа емес. Мен алғаш рет Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі болып 2015 жылы тағайындалып, осы қызметті 2019 жылға дейін атқардым. 2022 жылы бұл қызметке екінші рет тағайындалдым. Әрине, мен үшін бұл үлкен мәртебе әрі үлкен жауапкершілік. Басқаша айтқанда, қызығы мен шыжығы мол қызмет. Дегенмен өз жұмысымның нәтижесін көргенде мерейім тасып қалатыны рас. Ондай кездері шаршағаным да ұмытылып кетеді. Осы орайда айтатыным, еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қытайтанушы және қытай дипломатиясының қыр-сырын жетік меңгерген маман болуы менің жұмысымның сәтті жүзеге асырылуының алғы шарттарының бірі деп санаймын.

**– Қазақстан мен Қытай арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнағалы бері бұл саладағы өзгерістер туралы не айта аласыз?**

– Көршілес екі ел арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнағалы бері 32 жылдан астам уақыт өтті. Осы жылдар ішінде ынтымақтастық байланыста сапалық жағынан айтарлықтай оң өзгерістер болды. «Мемлекет басшылары дипломатиясының» (екі ел басшыларының жеке достық байланыстары) арқасында екі ел арасындағы саяси сенім деңгейі жылдан-жылға тұрақты дамып, нығайып келеді. 2019 жылдан бастап екі ел арасындағы стратегиялық ынтымақтастық мәңгілік жан-жақты стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілді. 2024 жылы қос ел арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық, Қытай деректеріне сүйенсек, 41 млрд АҚШ долларынан асып түсті. Энергетика, көлік, инвестиция салаларындағы серіктестік бойынша оң үрдістерді де атап өткім келеді. Қазақстан Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» бастамасына қатысудың арқасында Еуропа мен Азия арасындағы транснконтинентальды көпірге айналып отыр. Ерекше атап өтерлігі, қазір «Қытай – Еуропа» бағыты бойынша тасымалданатын жүктің 80 пайыздан астамы Қазақстан аумағы арқылы өтеді. Қазір екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың тереңдей түсуі қуантарлық жайт. Қазақстан мен Қытай екі бағытта да өз азаматтары үшін визасыз режим енгізуі, өзара мәдени орталықтар, Қытай мемлекетінің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының Қазақстанда, оның ішінде ҚазҰУ-да да филиалы ашылуы, Конфуций институты және Лу Бань шеберханаларының бой көтеруі достық пен ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға тікелей ықпал етпек. Екіжақты қарым-қатынастың қазіргі жағымды жағдайын көріп, осы өзгерістерге өзінің қатысты екенінді сезіну мені сөзсіз қуанышқа бөлейді. Аймақтағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін көрші мемлекеттермен тату-тәтті қарым-қатынасты нығайту аса маңызды.

**– Шахрат Шәкизатұлы, жоғарыда сіз дипломатиядағы алғашқы қадамыңыз туралы және көптеген көрнекті дипломаттармен бірге жұмыс істегеніңізді айттыңыз. Сіз сол тұлғалардан қандай да бір кәсіби немесе адами қасиеттерді ала алдыңыз ба?**

– Мен 1992 жылдан бастап Бейжіңде М.Әуезов, Қ.Сұлтанов, Ж.Кәрібжанов және И.Адырбеков секілді елшілердің қол астында жұмыс істеу бақытына ие болдым. Мен олардан ұқыптылық, табандылық, күйзеліске төзімділік және еңбекқорлық сияқты кәсіби қасиеттерді қабылдадым деп айта аламын. Ал өмір мектебі аталған тұлғаларға елшілік қызметті жоғары дәрежеде атқаруға үлкен септігін тигізді. Бұл кісілердің тәжірибелері сол кезде дипломатия саласына алғаш қадам басқан біз үшін де үлкен сабақ болды. Осы жерде мен өз замандастарым әрі әріптестерім Н.Ермекбаев және Ғ.Қойшыбаевты да ерекше атап өтер едім. Оларды еліміздің халықаралық аренада жоғары дәрежеде танытып жүрген дипломатия саласының майталмандары деп есептеймін.

**– Өзіңіз қанат қағып ұшып шыққан ұяңызға 90 жылдық мерейтой қарсаңында қандай тілек айтар едіңіз?**

– Мерейтой қарсаңында бәріміздің білім нәрімен сусындатқан қара шаңырақты үлкен мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Шығыстанушылар – еліміздің элитасы. Ал мен осы элитаның бір мүшесі екенімді мақтан тұтамын. Шығыстанушы – бұл сирек кездесетін мамандық. Тіл біліп қана қоймай, сол елдің мәдениеті, саясаты, тарихы, экономикасы, яғни бар саладан хабары бар әмбебап дара тұлға. Қарап отырсақ, қоғамда шығыстанушылар жұмыс істемейтін сала жоқ екен. Осы тұрғыда шығыстану факультетінің оқытушы-профессорлар құрамына дендеріңіз сау, отбасында бақытты болыңыздар демекпін. Ал жас шығыстанушыларға қиындықтан қорықпауды, арман шыңына жету жолында табандылық пен еңбекқорлық тілер едім.

**– Әңгімеңізге рақмет.**

**Фатимабибі ДӘУЛЕТ,**
*Қытайтану кафедрасының профессоры*

# Болмысы бөлек ғалым

**Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, ҚазҰУ профессоры, ұлағатты ұстаз Жолмұхан Түрікпенұлы 90 жасқа толып отыр.**



Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың: «Ұстаз – тумысынан өзіне айтылғанның бәрін жетік түсінген, естіген және аңғарған нәрселерінің бәрін жадында сақтайтын, олардың ешбірін ұмытпайтын, алғыр да зерек ақыл иесі, өте шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны таза және әділ, жұртқа жақсылық жасап, үлгі көрсететін, қорку мен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек болуы керек», – деп, ұстаз тұлғасына берген осы бір парасатты пайымы Жолмұхан Түрікпенұлының болмысына дөп келеді десек, қателеспеген болар едік.

Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданы Шыбыл ауылында дүниеге келіп, қоғамдық өмірдің сан-салалы белесінен өткен Жолмұхан Түрікпенұлы болашақ мамандарды даярлайтын педагогика мен психология ғылымы саласына ерекше ден қойған көрнекті ғалым. Өзінің ғылыми жолында 1962-64 жылдары ҚазМУ-дың «Психология» мамандығы бойынша аспирантурада оқып, педагогика ғылымының кандидаты дәрежесіне ие болды. 1964-78 жж. Жоғары және орта арнаулы білім министрлігінде Ғылыми-педагогтық кадрлар даярлау бөлімін басқарды. Зейнеткерлікке шықса да, ғұмырының 30 жылдан астам кезеңін Абай атындағы ҚазҰПУ мен Қазақ ұлттық университетінде профессор лауазымында ұстаздық етумен келеді.

Ғалым-ұстаз педагогикалық психология ғылымының Қазақстанда өсіп-өркендеп қалыптасу тарихы, осы саладағы ғылыми атаулардың – терминдердің орнығып қалыптасуына; балалар мен жастарды еңбекке баулу, болашақ кәсібін, мамандығын дұрыс таңдап алу үшін оларға кәсіби бағыт-бағдар беру жүйесі бойынша кандидаттық диссертациясының өзекті зерттеу объектісі етіп алып, психологиялық-педагогикалық астарларын зерттеуге арнады. Өзінің ұстазы, қазақтың көрнекті педагог-психологі Төлеген Тәжібаевтың ғылыми мұраларын тереңінен зерттеп-зерделеп, ғылыми басылымдарда тың еңбектері жарық көрді.

Ғалым ұстаздың мерейтойы қарсаңында Қазақстан жоғары мектебінің ардагер тұлғасы ретінде Қазақстан ғалымдары мен Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының оқытушы-профессорлық құрамы «Жолмұхан Түрікпенұлы» атты авторлық бірлестікте жинақ кітабын шығарды.

Жолмұхан Түрікпенұлы тәуелсіз Қазақстанның ұлттық жобаларын жүзеге асыруда әлі де өз үлесін қосып, еліміздегі психология ғылымының қарыштап ілгерілеуіне, әлемдік деңгейде танылуына зор еңбек сіңіріп келеді. Осындай ерен еңбек иесі, көрнекті ғалым Жолмұхан Түрікпенұлының ғылымға қосқан орасан еңбегі, шығармашылық жолы, кәсіби білігі психологиялық білім саласында жүрген ғалым-ұстаздар үшін үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие мектебі болып жалғасып келеді.

**Әйгерім МЫҢБАЕВА,**
*Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор*

**Жұмагүл МОЛБАСЫНОВА,**
*аға оқытушы*

**Тұрақты даму мақсаттарының «Тұрақты даму үшін серіктестік» бағыты шеңберінде философия және саясаттану факультетінің Философия кафедрасы ҚР Ұлттық кітапханасымен бірлесіп «Қазақ» тарихи-философиялық зерттеулер кітабының тұсаукесер рәсімін өткізді. Кітап авторлар ұжымының құрастыруымен «Дарын» баспасынан жарық көрді.**

# «Қазақ» кітабы жарық көрді




Оқырман қауымға екінші рет жол тартқан «Қазақ» кітабы – осыдан отыз жыл бұрын ауқымды таралыммен жарық көрген танымдық кітап. Ел тәуелсіздігі қайта тікteліп, қалпына келтіріліп жатқан өліара шақта бұғаудан босаған ел санасына сілкініс, жалпы, қоғамға серпіліс беру мақсатында көрнекті философ Ағын Қасымжанов, тұңғыш антрополог Оразақ Смағұлов, әйгілі зерттеуші-ғалым, жазушы Ақселеу Сейдімбек сынды бірқатар ұлт ұстындарымен бірлесіп «Қазақ» атты тарихи-философиялық тұрғыдан жан-жақты зерттеулерді топтастырып шығарады.

Кітаптың мазмұны тарихи-философиялық зерттеулерден тұрады. Қазақ ұлтының тарихы, этнографиясы, әдебиеті, философиясы, мифологиясы және бүгіні мен болашағынан сыр шертетін танымдық кітаптың екінші басылымында жаңа авторлардың да зерттеулері енгізілгені жөнінде кеш модераторы кеңінен тоқталды.

Кітапты баспаға философия және саясаттану факультетінің Ғылыми кеңесі ұсынған. Бұл кітапта қазақ халқының тарихы, тұрмысы, таңбалары, даму жолдары тұтас қарастырылып берілген. Сондай-ақ мұнда қазақтың ататегі, жырлары, аумағы, демографиясы туралы толғаныстар, шетел ғалымдарының қазақтар жайындағы пікірлері айтылады. Жинақта Ан-Арыс (Анахарсис), әл-Фараби, Баласағұн, Ясауи, Шәкәрім және Алаш арыстарының өмірбаяндарына қысқаша шолу жасалып, олардың шығармаларынан үзінділер келтіріледі.

Шарада «Қазақ» атты тарихи-философиялық зерттеулер кітабының бас редакторы, фарабитанушы-ғалым, ф.ғ.д., «Парасат» орденінің иегері Жақыпбек Алтаев, философия және саясаттану факультетінің деканы, ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Бекжан Мейірбаев, ф.ғ.д., профессор Тұрсын Ғабитов, ф.ғ.д., профессор Дәулетбек Раев, ф.ғ.д., профессор Анар Салқынбай, медицина ғылымының докторы, профессор Сәуірбек Рузидинов, ардагер диктор, ҚР мәдениет қайраткері Аманжан Еңсебайұлы, ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Нұржан Құлымжанов, «Дарын» баспасының директоры Жанат Бекетан сынды зиялы қауым өкілдері сөз сөйледі.

«Қазақ» кітабының бес данасы кітапхана қорына табысталды.

Тұсаукесер кешіне ҚазҰУ, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының ұстаздары мен студенттері, магистранттар мен докторанттар қатысты.

**Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,**
**Әсет ҚҰРАНБЕК**
*Философия кафедрасы*

# Театрға баруды дәстүрге айналдырайық

**Ғабит Мүсірепов атындағы жасөспірімдер мен жастар театрының жаңа маусымында механика-математика факультеті алғашқылардың бірі болып театрға барып қайтты.**

Факультеттің аға кураторы Болат Әбенов бастаған 200-ге жуық студент көрермен болды. Соның ішінде Механика кафедрасының аға кураторы Оралхан Байсбаева, 1-курс және 4-курс топ кураторлары студенттермен бірге қойылымды тамашалап қайтты. Театрда қазіргі трендтегі Қазақстанның үздік театрларында сахналанып жатқан Ақберен Елгезектің «Болмаған балалық шақ» шығармасы бойынша қойылған спектакльдің премьерасын тамашалады.

Ақберен Елгезектің «Болмаған балалық шақ» повесін театр актерлары кәсіби шеберлікпен тамаша сомдап шықты. Ол студенттердің қойылым аяқталғандағы пікірлері мен көңіл күйлерінен айқын байқалды. Студенттердің басым көпшілігі театр табалдырығын алғаш аттаған 1-курс студенттері болды.

Қойылымнан қандай әсер алып, ой түйгендігін білу мақсатында студенттер арасында сауалнама жүргіздік. Сауалнама нәтижесінен студенттердің басым көпшілігі қазақ әдебиеті туындыларын, яғни көркем шығармаларды сахналайтын театрға сирек және алғаш барғанын көруге болады.




Көркем шығармаларды, оның ішінде ұлттық әдеби туындыларды студенттер құндылық ретінде бағалап, оқығанды ұнататынын мына диаграммадан байқауға болады.




«Спектакльден қандай әсер (тәлім-тәрбие, ақыл-кеңес, үлгі-өнеге) алдыңыз?» деген сұраққа былай жауап берген: «Қойылымның тәрбиелік мәні зор». «Ата-ананың балаға деген махаббатының, тәрбиесі мен қамқорлығының мәнін, құндылығын ұғындым», «Ата-анасынан айырылған баланың сынбай, қиындықтарға төтеп беріп, мақсатына жете білуге болатынын түсіндім». «Ата-анасы бар балалар бақытты екенін, ата-ананы қалай құрметтеу керек екеніне көз жеткіздім». Сонымен бірге «Жетім баланы жылатпай, барынша қамқор болып, оларға қол ұшын беру керек» деген жауаптар да жазылды.




Жалпы, студенттер отбасылық құндылықтарды бағалай білу қажеттігін түсінді деп ойлаймын. Енді ғана университет табалдырығын аттап, үлкен өмірге аяқ басқан сәтте тәрбиелік маңызы зор қойылымдарға жиі барғаны абзал.

Театр – мәдениет ордасы. Отанымызды сүйетін, ұлттық құндылықтарымызды бағалай білетін ұрпақ тәрбиелеу – біздің міндетіміз. Жаратылыстану ғылымдары бағыты бойынша дайындап жатқан студенттеріміздің мәдени-тарихи құндылықтарымызды дәріптейтін қазақ әдеби туындыларын ұнатып, бағалайтыны қуантатын жағдай. Сондықтан театрға баруды дәстүрге айналдыру керек.

**Әсел ИСМАИЛОВА,**
*Механика кафедрасының аға оқытушысы*

WWW.FARABI.UNIVERSITY №43 (1955) 9.12.2024 ЖЫЛ АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

**Еліміздегі заң ғылымында өзіндік мектеп қалыптастырып, ізбасар шәкірттер тәрбиелеп, қоғамның құқықтық сауатын арттыруға елеулі үлес қосқан тұлғаның бірі заң ғылымының докторы, профессор, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Арықбай Ағыбаев болатын.**

**Өнегелі ұстаздың өмірден өткеніне де бір жылдан асты. Арықбай Нүсіпәліұлы заң ғылымында мазмұнды еңбектер жазып, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарын шығарып, Қазақстандағы құқықтық реформаларға тікелей араласқан тәжірибелі ғалым.**

**Өз қызметіне адал, жас буын білім алушыларға қамқор ұстаз-ғалым жемісті еңбегінің нәтижесінде отандық заң ғылымының корифейлері қатарынан табылды.**



# Әділет жақтаушысы

Қазақ ұлттық университетінде абыройлы қызмет атқарған Арықбай Нүсіпәліұлы 1941 жылы Алматы облысы Жамбыл ауданының Қастек ауылында туған. Арғы атасы Нарбота бидің әділ шешімінің санаға сәуле түсіруі жас дарынды әділдікпен күрестің кемеңгерлікті қажет ететін қиын жолына салып жіберді. 1967 жылы қара шаңырағымыздың заң факультетін Лениндік стипендияның иесі бола жүріп, үздік тамамдаған Арықбай Нүсіпәліұлы Ғылыми кеңестің шешімімен Қазақ ССР Ғылым академиясына жолдамамен жіберіледі. Бұл жол кейіннен болашақ ірі ғалымды КСРО Ғылым академиясының Мемлекет және құқық институтының аспирантурасына алып келді. 1970 жылдың қарашасынан 1973 жылдың наурызына дейінгі аралықта көрнекті ғалым П.С.Ромашкиннің жетекшілігімен осы академияның диссертациялық кеңесінде «Билікке және қызмет бабына қиянат жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық» (Қазақ ССР материалдары негізінде) деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғады. Қылмыспен күрес сұрақтарының жан-жақты талдануы қылмыстық жауаптылықтың да көп қырлы сипатын аша түседі. Қылмыстық жауаптылықты анықтау біржақты болмауы керек. Ол – мемлекеттің қылмыс жасаушыға қолданатын құқығы мен оның оған түсірер ауыртпалығын біріктіріп қарастыратын құқықтық құбылыс. Ал бұл құбылысты қоғам назарына алып шыққан – құқықтанушы Арықбай Ағыбаев.

Арықбай Ағыбаев – қылмыстық құқық және криминология ғылымы саласындағы ірі маман. Ол жаңа ҚР Қылмыстық кодексінің жобасын жасауға белсенді қатысты. Жалпы көлемі 670 баспа табақтан асатын 560-тан астам ғылыми еңбектің авторы.

Білікті ғалым 26 ізденушінің кандидаттық диссертациясына жетекші, төрт ғылым докторына ғылыми кеңесші болды. Құқықтық тыйым салудың мәнділігі және шынайы мәжбүрлеу қатынастары тек қана құқық нормаларын өз еркімен орындауды қаламайтын тұлғаларға ғана емес, құқық бұзушылыққа қарсылық білдірмеген тұлғаларға да қолданылуы мүмкін екенін ескерсек, ғалымның бұл салада біраз тер төккені белгілі.

Халықты құқықтық сауаттандыру мақсатында 1981-90 жж. Қазақ телевизиясында «Адам, қоғам және заң» телехабарының қоғамдық негіздегі жүргізушісі болды. 1998-2001 жж. ҚазҰУ-дың докторлық диссертация қорғау жөніндегі диссертациялық кеңесінің ғалым хатшысы, мүшесі ретінде қазақ ғылымының қатарын жас ғалымдармен толықтыруға септігін тигізді.

Жауапкершілік сезімі жоғары адамның қоғам және мемлекет алдында өзінің парызын сезіну дәрежесінің жоғарылығы қылмыстың пайда болуына тежеуіш күш қана емес, психологиялық сапа ретіндегі «парыз» ұғымының да пәрменділігін арттырса, Арықбай Ағыбаев парызына қарыз емес ғалым деп есептейміз.

Тарих пен құқықты бөле қарамайтын ғалым заң саласындағы ғылыми еңбектерімен бірге әдебиет, тарих тақырыптарына да көптеген еңбектер жазды. Қарасай батыр, Сүйінбай, Жамбыл, Сұраншы, Сүттібай мен Нарбота би жөнінде жазған бірнеше тарихи очерктері санаға салмақ қосқандығы үшін оған Халықаралық Жамбыл Жабаев атындағы сыйлығы, Жамбыл ауданының «Құрметті азаматы» атағы берілді.

Әрдайым әділет жақтаушысы бола білген, мемлекетіміздің құқықтық дамуында өзіндік із қалдырған қайраткер ғалым, ұстазымыз Арықбай Нүсіпәліұлының ғылым жолы ізбасарлары арқылы жалғаса бермек.

**Орынбасар ТІЛЕПБЕРГЕНОВ,**
*ҚазҰУ-дың қауымдастырылған профессоры, заң ғылымының кандидаты*

**Тарих факультетінің «Ғылыми тарих» мамандығы бойынша оқитын студенттері үшін есте қаларлықтай оқиға болды. «Отбасы Банк» АҚ төрағасының орынбасары Нұрлан Ақшанов факультетке келіп, 3-4 курстың 10 студентіне жалпы көлемі 1,5 миллион теңге көлемінде шәкіртақыны салтанатты түрде табыс етті.**

# 1,5 млн теңге шәкіртақы берілді



Қаржыгер Нұрлан Сағындықұлын тарих факультетімен байланыстырған жағдай – ол анасы Тұраш Қабжанованың 1969-76 жылдары университетіміздің тарих факультетінде сырттай оқып, «тарихшы және қоғамтану пәнінің оқытушысы» мамандығын иеленіп, зейнетке шыққанға дейін орта мектептерде тарих пәнінің мұғалімі болуы еді. Осыдан екі жыл бұрын о дүниелік болған анасы Тұраш Қабжанқызының туған күні 23 қараша болғандықтан, осындай көлемдегі шәкіртақыны анасының рухына тағзым етіп және ол кісінің білім алған «тарихшы» мамандығын құрметтеп, 1,5 млн теңге көлемінде «Тұраш Қабжанқызы атындағы шәкіртақы» тағайындаған екен.

Нұрлан Сағындықұлы шәкіртақыны иеленетін студенттерді мынадай талап бойынша анықтауды өтінді: 1) үміткердің ауылдық-селолық жерде туып-өсуі; 2) үміткер ғылыми сайыстарда жүлделі орындарға ие болуы; 3) үміткердің сабақ үлгерімі жақсы болуға тиіс. Ал біз төртінші талапты қосуды өтіндік. Ол – үміткердің факультеттің қоғамдық-саяси және мәдени өмірінде белсенділігі болатын. Біздің өтінішіміз қабылданды.

Осылайша шәкіртақы туралы ақпарат қазан айының басында студенттер арасында таратылды. Бір айдың ішінде 20-дан аса өтініш түсті. Үміткерлерді таңдау үшін Қазақстан тарихы кафедрасынан арнайы комиссия құрылды. Үміткерлерге қойылатын төрт талап бойынша 3-4 курс студенттері арасынан 10 студент көп ұпайға ие болды. «Тұраш Қабжанқызы атындағы шәкіртақыны» тапсыру оның туған күні – 23 қарашаға белгіленді.

«Ғасырды бағындырған ғалым» У.Х.Шәлекенов атындағы залда шәкіртақыны тапсыру рәсімі өтті. Салтанатты жиынды өзім кіріспе сөзбен аштым. Ал шәкіртақы тағайындаған қаржыгер Нұрлан Сағындықұлы анасы туралы өте сағынышпен әңгімеледі. Оның айтуы бойынша, Қабжановтар әулеті Павлодар облысының Ертіс ауданы өңірінде XIX-XX ғғ. шенінде ағартушылық және қайырымдылық істерімен айналысқан екен. Қабжан ақсақал Омбыда білім алып, ел арасында білім берген. 1920 жылдың соңы мен 1930 жылдың басындағы өкіметтің «солақай» саясаты кесірінен бұл әулет те көп зардап шегіпті.

Соғыстан кейін дүниеге келген Тұраш Қабжанқызы жетіжылдық мектептен соң, Павлодар педагогикалық училищесінде оқып, туған ауылындағы бастауыш мектептің оқытушысы болып жұмыс істейді. Көп ұзамай оны жергілікті басшылық мектеп директоры етіп тағайындайды. 1969 жылы ол Алматыдағы жалғыз университет, бұрынғы С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дың тарих факультетіне келіп оқиды. Оны бітірген соң, ауылындағы мектепте мұғалімдік қызметін жалғастырады. Содан құрметті еңбек демалысына шыққанға дейін осы қызметте болады.

Өткен ғасырдың 90-жылдарындағы қиыншылықтар кезінде Тұрар Қабжанқызы мектепте жұмыс істей жүріп, балаларының бәріне жоғары білім алуларына мүмкіндік берген екен. Қаржыгер анасының қайраты мен мейірімділігіне таңғалып, риза екенін айтты. Өзін осындай дәрежеге жеткізген анасының атында шәкіртақы тағайындағанын және оны «Ғылыми тарих» мамандығының студенттеріне арнағанын, сондай-ақ шәкіртақы жыл сайын анасының туған күні – 23 қарашада табысталатынын жеткізді.

150 мың теңгеден шәкіртақы иеленген студенттер жүрекжарды сөзін айтып, ризашылықтарын білдірді. Өздері дайындаған концерттік бағдарламасымен ана туралы ән шырқап, қонақтарды риза етті.

**Берекет ҚӘРІБАЕВ,**
*академик, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі*

№43 (1955) 9.12.2024 ЖЫЛ АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ WWW.FARABI.UNIVERSITY

# Работа профсоюза и СМИ

**Как взаимодействовать профсоюзным организациям со средствами массовой информации? Как нужно подавать материалы о профсоюзных действиях, чтобы они были интересны для СМИ? Каким навыками должен обладать внештатный корреспондент, чтобы его «услуги» были продуктивными для профсоюза? Эти вопросы волнуют профсоюз «Парасат» работников КазНУ им. Аль-Фараби.**



На протяжении последних лет профсоюз сумел обеспечить перевод информационной работы на качественно новый уровень с применением современных электронных средств и инновационных технологий: созданы Телеграмм-канал, аккаунт в Инстаграмме. Традиционно используются каналы устного информирования: профсоюзные собрания, конференции. По-прежнему, одними из основных информационных ресурсов являются печатные источники информации: это письма, публикации в газетах и журналах. Организовано оперативное освещение деятельности профсоюза, его позиции и действий по важнейшим социально-экономическим вопросам, положительного опыта работы профсоюзных организаций университета в газете «Qazaq universiteti» и на сайте вуза. Здесь вышли большие материалы о подготовке коллективного договора, проведении конкурса «Лучший по профессии», вручении первоклассникам портфелей от профсоюза, летней школе профсоюзного актива на Иссык-Куле, турах выходного дня. Размещаются материалы в газете «Алматы ақшамы». Председатель профсоюза «Парасат» работников КазНУ им. Аль-Фараби Т.К.Мекебаев выступал с в материалами о деятельности профсоюза газетах «Казахстанская правда», «Литер», «Айқын».

И, конечно, особое место занимают издания ТОО «Медиа-корпорация «ЗАҢ», которые регулярно публикуют материалы обо всех направлениях работы профсоюза «Парасат» работников КазНУ. В них находят отражение многие правовые аспекты профсоюзной работы. Публикации всегда находят заинтересованного читателя и активно обсуждаются. Наибольший интерес вызвали публикации, посвящённые различным компонентам 17-ти Целей устойчивого развития ООН. Особое внимание было обращено на Цель 4, которая предусматривает обеспечение бесплатного, всеохватного и качественного образования и расширения возможностей для обучения на протяжении всей жизни для всех, потому что КазНУ – флагман высшего образования Казахстана.

В ноябре нашим медиапартнёрам – ТОО «Медиа-корпорации «ЗАҢ» исполнилось 30 лет. В честь юбилея была проведена конференция на тему «Правовая журналистика: прошлое, настоящее, будущее», в работе которой приняли участие и представители университета – Б.Шайкенов, директор Института повышения квалификации КазНУ, Д.Байдельдинов, профессор кафедры уголовного права, уголовного процесса и криминалистики, С.Тыныбеков, профессор кафедры гражданского права и гражданского процесса, трудового права, представители профсоюза «Парасат». После приветственного слова директора ТОО «Медиа-корпорации «ЗАҢ» Досымбека Утегалиева, корпорацию поздравили советник и пресс-секретарь Президента РК Берик Уали, вице-министр культуры и информации РК Канат Искаков, председатель Союза судей РК, судья Верховного суда РК Досжан Амир. Также в рамках конференции была презентована книга «Тарих. Тұлға. Тағылым», рассказывающая об истории газеты «ЗАҢ газеті» и «Юридической газеты». Надеемся, что наше плодотворное сотрудничество будет продолжено.

**Ольга ЛОЖНИКОВА,**
*зам. пред. профсоюза «Парасат» работников КазНУ*

# Удостоен почетного звания академика

**Ведущий казахстанский ученый в области механики жидкости и газа доктор физико-математических наук, профессор кафедры механики Калтаев Айдархан получил почетное звание академика Национальной академии наук РК. Решение о присвоении звания было принято общим собранием академиков Национальной академии наук при Президенте РК.**



Калтаев А.Ж. в 1980-2005 годы разработал: математическую модель кольцевого вихря и исследовал его динамику, математическую и вычислительную модели горения углеродно-воздушной смеси в камерах сгорания при малых числах Маха и исследовал их свойства; физическую, математическую и вычислительную модели перехода обычного горения в детонацию в трубе и исследовал механизмы, приводящие к переходу (Япония, 1997 г.); кинетику горения водорода в сверхзвуковом воздушном потоке (гранты МНТЦ, 1998-2005 гг.). За последние 20 лет совместно с учениками и сотрудниками: 1) создал 3D имитационную модель процесса извлечения урана методом подземного скважинного выщелачивания и цифровую систему управления, позволяющая прогнозировать, планировать, мониторить и эффективно управлять процессом добычи, 2) Разработал 3D имитационную модель процесса сорбции оксида урана из раствора и проводили исследования эффективности работы сорбера; 3) Исследовал способы использования и хранения солнечной тепловой энергии для отопления и горячего водоснабжения помещений и создал прототипы соответствующих изделий.

Им реализован и коммерциализирован проект полного научного цикла «Программный комплекс для изучения добычи урана методом ПСВ с получением Симулятора версии 3.0», которая используется на предприятиях Казахстана. В настоящее время проводит исследования по бактериальному выщелачиванию металлов методом ПСВ, по проектированию центробежных насосов и применению ИИ к инженерным задачам.

Коллектив кафедры механики, коллеги и ученики гордятся достижениями профессора А.Калтаева. Его труд, энергия и приверженность науке являются вдохновляющим примером для молодых исследователей. Желаем Айдархану Жусупбековичу дальнейших успехов в науке, новых открытий и крепкого здоровья! Пусть это звание станет очередным шагом к укреплению научного потенциала Казахстана и вдохновением для будущих поколений исследователей!

**Динара ТУРАЛИНА,**
*ст. препод. кафедры механики*

# Развитие противодействия коррупции в Казахстане

**Коррупция — это одна из наиболее серьезных угроз устойчивому развитию, демократии и социальной справедливости. Международный день борьбы с коррупцией, отмечаемый 9 декабря, является напоминанием о необходимости комплексных мер по устранению этого явления. Для Казахстана борьба с коррупцией стала неотъемлемой частью государственной политики, охватывающей правовую, социальную и экономическую сферы. В преддверии Международного дня борьбы с коррупцией было проведено мероприятие, раскрывшее историю праздника, которое берет своё начало с подписания Конвенции ООН против коррупции.**



Одним из главных шагов Казахстана в противодействии коррупции стало создание законодательной базы, которая позволяет бороться с коррупцией на всех уровнях. Закон "О противодействии коррупции", принятый в 2015 году, является фундаментом современной антикоррупционной политики страны. Он закрепляет ключевые принципы, такие как обеспечение транспарентности, повышение подотчетности государственных служащих и защита прав граждан. Одновременно была создана сеть специализированных органов. Агентство по противодействию коррупции Казахстана выделяется как центральный орган, ответственный за выявление, пресечение и предупреждение коррупционных преступлений. Одним из самых успешных инструментов борьбы с коррупцией в Казахстане стало внедрение цифровых технологий. На 2024 год 90% государственных услуг предоставляются в цифровом формате через платформу eGov, что существенно снизило коррупционные риски. Электронное правительство позволяет гражданам получать государственные услуги в режиме онлайн, минимизируя необходимость личного взаимодействия с чиновниками.

Присоединившись к Конвенции ООН против коррупции в 2008 году, Казахстан взял на себя обязательства по выполнению международных стандартов. Это открыло возможности для сотрудничества с ведущими антикоррупционными организациями, такими как Transparency International, и обмена опытом с другими странами. Благодаря интеграции международных норм и стандартов, Казахстан сумел повысить свою позицию в глобальном Индексе восприятия коррупции набрав 39 баллов из 100 возможных и поднявшись на 93-е место из 180 стран. Улучшение свидетельствует о прогрессе в противодействии коррупции и укреплении правового государства.

За последние годы Казахстан смог достичь реальных успехов в снижении уровня коррупции. Одним из ключевых примеров является то, что в 2023 году в Казахстан удалось вернуть активы на сумму около 1 триллиона тенге. Среди них крупные активы, принадлежавшие высокопоставленным лицам, включая недвижимость, предприятия и финансовые средства. Важным результатом стало сокращение числа коррупционных преступлений. Согласно данным Агентства по противодействию коррупции, в 2023 году количество зарегистрированных коррупционных правонарушений снизилось на 10% по сравнению с предыдущим годом, что говорит о результативности превентивных мер.

Казахстан продолжает укреплять правовую базу, развивать цифровые технологии и формировать культуру нетерпимости к коррупции среди всех слоев общества. Международный день борьбы с коррупцией является напоминанием о том, что успех возможен только при условии объединения усилий государства и граждан. Казахстан уже сделал значительные шаги в этом направлении, но впереди остаются важные задачи, от выполнения которых зависит благополучие и процветание всей страны.

**Максут САМАЛДЫКОВ,**
*к.ю.н., доцент кафедры международного права*

**Анель ВАЛИХАНОВА,**
*студент ОП «Международное право»*

# «Қазақстанның виртуалды палеолит музейі» жобасы іске қосылды

**Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдық мерейтойына орай, тарих факультетінің оқытушы-профессорлар құрамы «Қазақстанның виртуалды палеолит музейі» жобасы аясында университет құрамындағы Қазақстан палеолит музейінің виртуалды нұсқасын іске қосты.**






Бұл жоба идеясының авторлары – тарих факультетінің деканы, тарих ғылымының докторы, профессор Досбол Байғонақов пен Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы, PhD Жұлдыз Бекбаува. «Qazaq universiteti» газетіне берген түсініктемесінде факультет деканы Д.Байғонақов: «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған жолдауында цифрландыру және елімізде инновацияларды енгізу мәселелеріне ерекше назар аударған болатын. Мемлекет басшысы Қазақстанды IT-елге айналдыруды және елдің Еуразиядағы тораптық транзиттік хаб ретіндегі позициясын нығайтуды тапсырған еді. Міне, осы бағытта біз де аздаған үлесімізді қосу мақсатында университетте білім алып жатқан студенттер мен оқытушы-профессорлардан топ жасақтап, музейдің 3D турын немесе виртуалды нұсқасын жасауды ойластырдық. Бұл жобаның негізгі мақсаты – тарихи-археологиялық білімнің инновациялық базасын қалыптастыру, визуалды ақпарат беру және палеолит дәуіріне қатысты ғылыми зерттеулер мен білім беру материалдарын виртуалды форматта ұсынып, студенттер мен зерттеушілер үшін интерактивті оқу ресурстарын симуляция тәжірибесінде ұйымдастыру. Осы жобаны іске асыруға атсалысқан барлық жандарға алғысымыз шексіз», – деді.





Жобаны ұйымдастырушылардың бірі, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Берекет Кәрібаевтың айтуынша, Қазақстан палеолит музейінің маңызы зор. Музей 2000 жылы профессор Ж.Таймағамбетовтің бастамасымен құрылған болатын. Оның негізін Х.Алпысбаев, А.Медоев, Б.Әубәкіров, О.Артюхова т.б. мамандардың көп жылдар бойы жинаған 500 мыңнан астам артефактілері құрайды. Бұл музейге академик А.Деревянконың жетекшілігімен 1992 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан Қазақстан-Ресей кешенді археологиялық экспедициясының бірлесіп алынған жазба материалдары қойылды. Экспонаттар мен фотоматериалдар хронологиялық тұрғыдан тізбектеліп, бес бөлімге топтастырылды. Музей Қазақстанның палеолит және неолит дәуірінің ескерткіштері орналасқан карталармен жабдықталды. Жоба жетекшісі – Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы, PhD Ж.Бекбаува жобаның төмендегідей ерекшеліктерін атап отыр.

• **Ғылыми жаңалығы:** Еліміздегі ЖОО музейлер арасындағы алғашқы студенттік виртуалды тур жобасы. Музейді ашуға үлес қосқан ғалымдар туралы мәліметтер мен еңбектер виртуалды тур тақтасында сілтеме арқылы өтуге болатын функциясы жобаның ғылыми жаңалығын арттырады (көрсетілген функция Қазақстандағы виртуалды тур жасалған музейлерде қолданылмаған);



• **Интерактивтілік:** Виртуалды ортада қолданушылар палеолит кезеңінің маңызды орындарын, тұрақтары мен құралдарын интерактивті түрде зерттей алады. Бұл жүйе пайдаланушыларға тарихты белсенді түрде танып-білуге мүмкіндік береді.

• **Визуализация:** Заманауи графикалық технологияларды пайдалана отырып, палеолит дәуірінің өмірі мен мәдениетін көрсетеді. 3D модельдер мен анимация арқылы артефактілерді қозғалыс кейпіне енгізіп, көрерменге шынайы әсер қалдырады. Музейдегі фотосуреттер, тұрақтар мен артефактілер туралы арнайы жасалған анықтама батырмасын басу арқылы толық ақпарат алу қолжетімді болады. Сондай-ақ аудиодыбыстау арқылы музей туралы ақпаратты екі тілде тыңдауға болады.

• **Кросс-дисциплинарлық байланыстар:** Жоба тарих, археология, антропология, ақпараттық технология саласын, жасанды интеллекті және т.б. ғылым салаларының қиылысуында дамып, аудиторияны кеңінен қамтиды.



• **Қашықтан қолжетімділік:** Виртуалды жоба интернет арқылы әлемнің кез келген бұрышынан қолжетімді. Бұл бағдарламаны кең аудиторияға ұсынуға мүмкіндік береді. Мектептегі оқушылардан бастап, студент, магистрант және докторанттар, сондай-ақ тарих, археология, палеолиттану, мезолиттану, неолиттану т.б. ғылым салаларына қызығушылық білдірген барлық ізденушілерге қолжетімді.

• **Көптілділік:** Жоба қазақ, орыс, ағылшын және қытай тілдерінде ақпарат береді. Бұл мүмкіндік мәдениеттер арасында байланыс көпірін жасайды.

Жоба жетекшісі Жұлдыз Бекбаува жобаны құрастырушылар тарих, ақпараттық технология, биология және биотехнология факультеттерінің білімгерлері екенін де атап кетті. Олар: ақпараттық технологиялар факультетінің «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» БББ-ның 1-курс студенттері: Данияр Аронов, Арман Төлеген, Болат Тыныс. Сонымен қатар Технологияларды коммерцияландыру және креативті индустрия орталығының жоба менеджері Эльвира Үмбетжанова және тарих факультеті Археология, этнология және музеология кафедрасының «Этнология және антропология» білім беру бағдарламасының 1-курс докторанты Жанар Баянова айтарлықтай үлес қосты.

Жоба барысында мәтін теруге атсалысқан студенттер: тарих факультетінің 1-курс студенттері Айғаным Тілеубек, Назерке Арысбай, Дамира Нұрпейіс, биология және биотехнология факультетінің 1-курс студенті Меруерт Самет. Мәтін аудармасын жасағандар – ақпараттық технологиялар факультетінің 1-курс студенті Ділда Нұрбек пен биология және биотехнология факультетінің 1-курс студенті Анай Ұлан.

Жобаны қазақ тілінде дыбыстаған – Қазақстан палеолит музейінің жетекші маманы Балғынбек Демесін және ағылшын тілінде дыбыстаған биология және биотехнология факультетінің 1-курс студенті Зарина Мэлс.

«Қазақстанның виртуалды палеолит музейі» жобасы – бұл тек оқыту мен зерттеу платформасы ғана емес, сонымен бірге мәдени мұраны сақтап, инновация мен тарихтың ұштасқан алаңы. Ол заманауи технологияларды пайдаланып, адамзат тарихының алғашқы кезеңдерінің құпияларын ашуға көмек береді.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

# Әдеби мұраның тұрақты дамуға қосқан үлесі

**Биотехнология кафедрасында «Биотехнология» ББ 4-курс студенттерінің ұйымдастыруымен Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ 4,11) қол жеткізу бағдарламасы аясында «Сәкен Сейфуллин: әдеби мұра және оның тұрақты дамуға қосқан үлесі» тақырыбында пікірталас алаңы өткізілді.**



Іс-шара мақсаты – студенттерді Сәкен Сейфуллиннің өмірбаяны және оның шығармашылығымен таныстыру, қазақ әдебиеті мен мәдениетін дамытуға қосқан үлесін талқылау, сонымен қатар ақын-жазушының шығармашылығын сапалы білім беру (ТДМ 4) және мәдени мұра (ТДМ 11) контексінде байланыстыру.

Іс-шара барысында бірқатар студенттер (Ж.Мұтай, А.Қабылбек, А.Мұстафа, А.Әділхан, А.Баймұхан) Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығы, ақын-жазушы ретіндегі рөлі және қоғам қайраткері туралы қызықты презентация мен баяндамалар жасады. Сондай-ақ оның өмірінің негізгі кезеңдерінің ішінде ұлттық қозғалыс пен әдеби мұраға қосқан үлесі жан-жақты талданды. Р.Қалыбек әдеби мұраның мәдени бірегейлілігін қалыптастырудағы маңыздылығын аша отырып, «Сейфуллиннің шығармашылығы – бұл тек қағаздағы сөз емес, бұл біздің халқымыздың жаны» деп атап өтті.



Шараның келесі бөлімінде студенттер «Тар жол, тайғақ кешу», «Асау тұлпар» сынды түйінді шығармаларын белсенді талқылап, олардың заман рухын қалай бейнелейтіні және заманауи контексте қаншалықты өзекті екені туралы өз ойларымен бөлісті. А.Талипова әдебиет пен ТДМ байланысын айқындай отырып, «Сәкен Сейфуллин шығармалары мұрамызды бағалай білуге және оны кейінгі ұрпаққа жеткізуге, сөйтіп, ұрпақтар сабақтастығын жетілдіруге баулиды», – деп тұжырымдады. Ш.Тастан Сәкен Сейфуллин шығармашылығының сапалы білім беру (ТДМ 4) және мәдени мұраны сақтау (ТДМ 11) бағыттары бойынша қол жеткізуге қалай ықпал ететінін талдап, жастардың мәдени болмысын қалыптастыру және тәрбиелеу үшін әдеби мұраның маңыздылығын шеберлікпен көрсете білді.

Шараның соңғы бөлімінде студенттер мәдени мұраның және қоғамның тұрақты дамуы үшін қазақ әдебиеті мен мәдениетін зерттеу маңызын мойындай отырып, алдағы уақытта осындай іс-шаралардың жиі ұйымдастырылуына қызығушылық танытатыны туралы өз ойымен бөлісті әрі жалғастыруға ниет білдірді.

**Салтанат АСРАНДИНА,**
*Биотехнология кафедрасының профессоры*

**ҚазҰУ ғалымдары мен Түркияның Ыстамбұл техникалық университеті ғалымдары бірлесіп 2024-2026 жж. арналған гранттық қаржыландыру конкурсында «Сулар мен ағынды суларды сонокаталитикалық тазарту үшін темірдің қабатты қос гидроксидтерінің синтезі және олардың нанозимдер ретінде антибактериалдық қасиеттерін зерттеу» жобасын ұтып алып, қазіргі таңда сәтті айналысып жатыр.**

# Ыстамбұл техникалық университетіндегі тағылымдама



Жоба жетекшісі – химия және химиялық технология факультетінің Физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының доценті м.а. Нұрболат Құдайбергенов. Бұл серіктестік осыдан үш жыл бұрын басталған. Нұрболат Жарылқасынұлы мен Алиреза Кхатаее бірлесіп Scopus/Web of Science халықаралық базаларына кіретін 1-квартилді (Q1) жоғары рейтингті журналдарда 10-нан астам мақала жариялады. Аталған жоба аясында 10 зерттеуші-ғалым жұмыс істеуде. Оның ішінде екі шетелдік ғалым, бір докторант және екі магистрант бар. Гранттық қаржыландыру арқасында жоба зерттеушісі, химия және химиялық технология факультетінің 1-курс докторанты Алуа Аликеева Ыстамбұл техникалық университетінде екі апталық тағылымдамадан өтті. Тағылымдама барысында ағынды суларды тазалауға арналған жаңа қосқабатты гидроксидтерді синтездеп, олардың антибактериялық қасиеттерін зерттеді. Сонымен қатар оларды заманауи физика-химиялық зерттеу қондырғыларында анализдеді.

Еліміздің көшбасшы оқу ордасының халықаралық аренада беделін арттыруда. Сондай-ақ БҰҰ ұсынған Тұрақты даму мақсаттарын орындауда ғалымдарымыздың шетелдік белді университеттермен коллаборациясының маңызы өте зор. Сондықтан жоба жетекшісі мен орындаушыларына табыс тілейміз.

**Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ**

# Жаңа оқу залы ашылды

**География және табиғатты пайдалану факультетінің №4 Студенттер үйінде жаңа оқу залы ашылды.**



Бұл жаңалыққа студенттеріміз ерекше қуанды. Өйткені жаңа оқу залында барлық жағдай жасалған. Атап айтсақ, жаңа оқу залында кез келген салаға арналған ғылыми-көпшілік оқулықтар, оқу құралдары, көркем әдебиет түрлері мен газет-журналдарды табуға болады. Оқу залы заманауи стильде жасақталып, жаңа жиһаздармен жабдықталған. Оның ашылуына факультетіміздің барлық кафедра профессорлары мен оқытушылар құрамы атсалысты. Тағы бір ерекше атап өтетін жайт, жаңа оқу залында факультетіміздің академик, профессорларының оқу жүйесінде оқытылатын ғылыми еңбектері де қойылды. Бұл ғылыми еңбектер студенттеріміз үшін таптырмас құнды дүние саналады.



Жаңа оқу залының ашылуы – жастардың білімін жетілдіруге арналған тамаша мүмкіндік. Жарық әрі кең, заманауи бұл зал студенттердің шығармашылықпен айналысуына және сабағына тиімді дайындалуына ықпал етері сөзсіз. Студенттерге арналған оқу залының болашақта жаңа ғылыми еңбектер, оқулықтармен толықтырылып, жас буынның жан-жақты дамуына үлкен септігін тигізеді.

**Айман ШӘКЕНҚЫЗЫ,**
*география және табиғатты пайдалану факультеті деканының оқу-әдістемелік және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары*

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры
**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
**Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

**Бас редактор:** Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
**Жауапты хатшы-дизайнер:** Талғат КІРШІБАЕВ
**Тілшілер:** Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ
**Корректор:** Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:
- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: **kaznugazeta@gmail.com**
- Газет редакцияның компьютер орталығында терiлiп, беттелдi. «Everest» баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша.
**Газетке жазылу индексі: 64787**
Таралымы – 3000
- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ